



Халықаралық «Infomatrix-Asia» компьютер жоба жарысының ережелері:

1. Тіркелу және оған қажет барлық ақпаратты www.infomatrix.kz сайтынан таба аласыз;
2. Тіркелу 2017 жылдың 1-қаңтарында басталып, 24-ақпанында аяқталады;
3. Жарысқа жалпы білім беретін мектеп және колледж оқушылары қатыса алады, қатысушылардың жасы 10-18 аралығында болуы және де олар жалпы білім беретін мектептер мен колледждерде тіркелген болуы тиіс;
4. Университет студенттері тек қана «Робототехника» категориясына қатыса алады;
5. Әр команданы тек ғылыми жетекші болып табылатын (мұғалім немесе мектеп қызметкері) бір өкіл таныстыруы керек. Ғылыми жетекші бір немесе одан да көп жобаны әр түрлі категорияда тіркей алады. Бір мектептен бірнеше жетекші қабылдана алады(әр түрлі жоба мен топтарға);
6. Әр топтың құрамы 2 қатысушыдан аспауы тиіс;
7. Қатысушылар алдыңғы жылы «Infomatrix-Asia» жарысында қорғаған жобаларын, егер айтарлықтай өзгеріс енгізілген болмаса, қайтадан тіркей алмайды;
8. Қатысушылар тіркелу кезінде берген ақпарат үшін жауапкершілік алады. Ақпарат қате берілген жағдайда ұйымдастыру комитеті жауапкершілік алмайды. Ғылыми жетекшілердің электрондық пошталары мәлімет ретінде қолданылады. Электрондық пошталарыңызды дұрыс енгізгеніңізге көз жеткізіңіздер;
9. Тіркелу кезінде қатысушылардың аты-жөнінің дұрыс жазылғандығын қадағалаңыз, себебі бұл ақпарат визалық шақыруға қолданылады. Қате берілген ақпарат виза алу барысында қиыншылық туғызуы мүмкін (шетел азаматтары үшін);
10. Тіркелу уақыты аяқталғаннан кейін, қатысушылардың аты-жөнін өзгерте алмайсыз.
11. Infomatrix Asia жарысына қатысатын топтар www.infomatrix.kz сайтына міндетті түрде тіркелуі тиіс;
12. Әділ қазылар алқасы сайтта тіркелген қатысушылардың жобаларын бағалайды. Іріктеуден өткен жобалар 2017 жылдың 28-ақпанында www.infomatrix.kz сайтында жарияланады. Іріктеу қорытындысы ғылыми жетекшілерге электрондық пошта арқылы жіберіледі;
13. Жоба презентациясы кезінде қолданылатын құрал-жабдықтар стенд өлшемдеріне сай алдын-ала дайын болуы тиіс; Өлшемдерін <http://www.infomatrix.kz/> сайтынан ала аласыз.
14. Әр жоба презентациясында жобаның қалай жасалғандығы және қандай әдіс-тәсілдер қолданылғандығы жайлы мәлімет берілуі шарт;
15. Жобаны баяндау барысында ақпараттың қайталанбауы және баяндама қысқа әрі нұсқа болуы тиіс;
16. Жобаға тиісті барлық материалдар ағылшын тілінде болуы шарт;
17. Жоба презентациясына қажетті барлық құрал-жабдықтарды қатысушылар өздерімен бірге алып келулері тиіс. Қандай да бір қосымша техникалық құрал-жабдықтар керек болған жағдайда Сулейман Демирель атындағы университеті оларды ұсынуға тырысады (ертерек хабарлауыңызды сұраймыз);
18. Іс-шараның халықаралық деңгейде, салтанатты түрде өтуі үшін сіздерге ұлттық киім киюлеріңізді өтінеміз;
19. Қатысу төлемақысы \$150 әрбір қатысушыға(егер бір қатысушы бірнеше салада жоба қорғайтын болса, ар жобаға жеке төлемақы жасалуы керек). Осы төлемақыға: СДУ қонақ үйі, 3 мезгіл тамақ, экскурсия, кофе-брэйк, транспортпен қамтамасыздандыру киреди; Жарна(взнос) төленбеген жағдайда тіркелу жүргізілмейді.

20. Іріктеуден өткен қатысушылар 2017 жылдың 5-ақпан сағат 18:00-ге дейін қатысу төлем ақысын төменде көрсетілген есеп шотына аударуы қажет (әр қатысушы өзінің ИИН-і арқылы). Төленгенін растайтын түбіртектегі infomatrix@sdu.edu.kz поштасына жіберуі тиіс;
21. Төлем ақысын төлеген және де СДУ қонақ үйінде тұрамын деуші қатысушылар мен жетекшілер 2017 жылдың 5-сәуірі сағат 18:00-ге дейін www.infomatrix.kz сайттағы үлгіні толтырулары тиіс. Үлгі толтырылмаған жағдайда әр қатысушы өздерінің тұратын орындарын өздері табулары керектігін және де ұйымдастыру комитеті жауапкершілік алмайтындығын ескертеді;
22. Шетелден келген қатысушылар әуежайдан қарсы алынады және шығарып салынады;
23. Жоба жарысы 13- сәуірде басталып, 16- сәуір 18:00-де аяқталады.

Сыйлықтар мен жүлделер

1. Әр секцияда абсолютті I-орын иегері атанған жүлдегерлер Сулейман Демирель Университетінің Инженерия және жаратылыстану ғылымдары факультетіне 100% грант иегері атанады(СДУ грант)
2. Әр секцияда абсолютті II-орын иегері атанған жүлдегерлер Сулейман Демирель Университетінің Инженерия және жаратылыстану ғылымдары факультетіне 50% грант иегері атанады(СДУ грант)
3. Әр секцияда абсолютті III-орын иегері атанған жүлдегерлер Сулейман Демирель Университетінің Инженерия және жаратылыстану ғылымдары факультетіне 30% грант иегері атанады(СДУ грант)
4. Жүлделі орынға иелену мүмкіншіліктер(пайызбен): 10% Алтын, 15% Күміс, 20% Қола - әр бір секцияда(% - әр секциядағы қатысушылар санымен алынады)
5. Барлық қатысушылар қатысқандығын растайтын сертификаттармен марапатталады.

Ұйымдастыру комитеті

Халықаралық «Infomatrix-Asia&Pacific» компьютер жоба жарысына төлем ақысын төлеу үшін қажет реквизиттері:

«Казкоммерцбанк» АҚ Сулейман Демирель
ат. Университет мекемесі БИН 960240000550
РНН 600200077133 Алматы қ. БИК KZKOKZKX
Е/ш KZ989261802128707000АФ АО «Казкоммерцбанк»
Кбе 18 КНП 861

infomatrix@sdu.edu.kz

www.infomatrix.kz